

Қазақстан Республикасы жергілікті әскери басқару органдарының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 желтоқсан N 1320

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің мынадай мемлекеттік мекемелері қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н :

1) б ө л у ж о л ы м е н :

"Ақмола облысы мен Көкшетау қаласының әскери комиссариаты" "Ақмола облыстық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне және "Көкшетау қалалық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне;

"Қызылорда облысы мен Қызылорда қаласының әскери комиссариаты" "Қызылорда облыстық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне және "Қызылорда қалалық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне;

"Маңғыстау облысы мен Ақтау қаласының әскери комиссариаты" "Маңғыстау облыстық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне және "Ақтау қалалық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне;

"Алматы облысы мен Алматы қаласының әскери комиссариаты" "Алматы облыстық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне және "Алматы қалалық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесіне;

2) б ө л і п ш ы ғ а р у ж о л ы м е н :

"Астана қаласының әскери комиссариатынан" "Астана қаласының Алматы аудандық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесі және "Астана қаласының Сарыарқа аудандық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесі;

"Сәтпаев қалалық әскери комиссариатынан" "Қарағанды облысының Ұлытау аудандық әскери комиссариаты" мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Көрсетілген мемлекеттік мекемелердің қызметін қаржыландыру 030 "Әскери комиссариаттардың аппараты" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мұқтаждарына республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Ақмола, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы, Қарағанды облыстарының, Алматы және Астана қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылатын мемлекеттік мекемелерін ғимараттармен және жабдықтармен қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК